

**Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК**

**«ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ҮЙЛЕСТІРУ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

**Астана – 2024**

## **Астана қаласының Білім басқармасы «Әдістемелік орталығы» МКҚК**

Әдістемелік орталық кеңесі отырысында қаралды  
(2024 жылғы 19 сәуір № 1/2 хаттама)

### **Құрастырушылар:**

Рамазанова Айгуль Есеновна, Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК «Педагогтерді кәсіби дамыту»  
бөлімінің басшысы, педагог-шебер;

Айгараева Раушан Ратовна, Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;

Жанамкулова Айгуль Сергеевна, Астана қаласы әкімдігінің  
«Жалпы білім беретін мектеп «№ 36 Орта Мектеп» КММ,  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

«Педагогтерді аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстарын тиімді  
үйлестіру» әдістемелік ұсыным, Астана қаласы, 2024 жыл, 22 бет

### *Аңдатпа*

Әдістемелік ұсынымда педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сай мектепшілік аттестаттау шаралары, аттестаттау жұмысында қолданылған құжаттар үлгілері берілген. Әдістемелік ұсынымда мектепшілік аттестаттау комиссиясы мүшелеріне аттестатталушы мұғалімдерге арналған.

Аттестаттау материалдары құрастырылғаннан кейін практикада, іс-жүзінде апробациядан өткен, сондықтан мектепшілік аттестаттауда, мектепшілік басқаруда пайдалы болады деген сенімдеміз. Әдістемелік ұсынымның практикалық маңыздылығы: аталған үлгі-кестені әр білім беру ұйымында қолдануына болады.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда педагог қызметкерлерді аттестаттау жұмысы барысында туындайтын проблема өте көп: білім беру ұйымдарында педагогтердің аттестациясын ұйымдастыру жұмыстарының тиімді үйлестірілмеуі, осы тақырып аясында білім беру ұйымдары әкімшілігінің педагогтерге толық, нақты түсіндірме жүргізбеуі, педагогтерге жүйелі, үздіксіз әдістемелік көмектің көрсетілмеуі, сонымен қатар аталған мәселенің әдістемелік тұрғыда зерттелмеуі.

Білім беруді жаңғырту стратегияларын жүзеге асыру педагог кадрлардың сапасына тікелей байланысты. Бүгінгі мазмұны жаңарған білім жүйесінде Д. Дьюи атап өткендей, «Үлкен өзгерістер болып жатыр. Ол маңызы жағынан, К. Коперниктің жаңалығына тең болып отыр, яғни «оқушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі».

Мазмұны жаңарған мектептің мұғалімі «дайын» білім көзі ғана болмай, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білу, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән бере білу, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған маман болып қалыптасуының қажеттігі барлық педагог қауымына белгілі. Ал оқушының танымдық, шығармашылық қабілетінің ресурс ретінде дамытылуы үшін мұғалімнің өзі де шығармашылық жұмыспен үнемі айналысуы қажет. Демек, мазмұны жаңарған мектептің ұстазы өскелең заман талабына сәйкес шығармашылыққа бейім, зерттеу жұмысы тәсілдерін қолдана алатын маман болуы тиіс. Мұғалімнің шығармашылық жұмысында өзінің кәсіптік шығармашылық дамуы жөнінде Ш.Т. Таубаева, А.А. Бейсенбаева, М.Ә. Құдайқұлов, А.К. Ахметов және т.б. ғалымдар педагогикалық кәсіби шеберлікті шыңдау туралы көптеген еңбектер жазған. Сол ғалымдардың пікірі бойынша мұғалімнің кәсіптік зерттеушілік ұстанымы өз кәсібін жоғарғы деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқын бола түседі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, білімділік деңгейі, шығармашылығы туралы қазақтың ұлы педагогтері Ы. Алтынсарин, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов еңбектерінде сипатталған. Олар өз еңбектерінде шебер мұғалім ғылыми ізденіс мәдениетімен қарулану керек дейді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, зерттеушілік қызметі мұғалімдік жұмысқа дайындық барысында, іс-тәжірибеде, біліктілігін жетілдіру және өз бетімен іздену барысында қалыптасып тәрбиеленеді.

Педагогтердің кәсіптік деңгейін көтерудің негізгі тәсілдерінің бірі педагог кадрлардың аттестациясы болып табылады.

Әдістемелік ұсыным білім беру ұйымдарының педагогтеріне, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне және білім жүйесінде қызмет ететін мамандарға арналған.

Педагогтерді аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша ережелерге сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталады). Аттестаттау білім беру ұйымдарында кезең кезеңдерімен өткізілетінін бәріміз білеміз. 1-кезеңінде мұғалім аттестаттау аралығында жасаған педагогикалық әрекетіне, өз білімі мен біліктілігін арттыру бағытында жүргізген жұмысына өз бетімен *ішкі сараптама* жүргізеді, бұл кезеңде педагог өзінің педагогикалық іс-әрекетіне өзіндік талдау жасайды, іс-тәжірибесін жинақтайды, жинақтаған тәжірибесі мен педагогтерді аттестаттау ережесінің талаптарына сай келетін жетістіктерінің негізінде аттестаттау комиссиясының төрағасының атына біліктілігін көтеру жөнінде (немесе растау) өтініш жазады, 2-кезеңі *сыртқы сараптама* деп аталады, мұнда білім беру ұйымындағы аттестаттау комиссиясы педагогтің портфолиосына квалификациялық бағалау жасайды, 3-кезеңінде педагог ПББ тапсыруға <https://testcenter.kz/> өтініш беріп, біліктілік санатының талабына сәйкес тест тапсырады. 4 –кезеңде педагог аттестаттау комиссиясы аттестаттау ережесі негізінде педагог қызметінің және жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі немесе «электрондық үкіметтің» [egov.kz](http://egov.kz) веб-порталы арқылы қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізілетін құжаттарын тапсырады. Биылғы енгізілген өзгерістер бойынша педагог 205-300 сөзден тұратын эссені портфолио ішіне өз бетімен жазып салуы керек. Ол үшін БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтында «Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың үшінші бөлімінде педагогтерге эссе жазу бойынша әдістемелік ұсынамдар берілген, <https://uba.edu.kz/qaz>

**Мұнда ең өзекті мәселе аттестациядан өтетін педагогтермен өткізілетін жұмыстың негізгі мазмұны мен оның заман талабына сай ұйымдастырудың тиімділігінде болып отыр.**

Білім беру ұйымында (мектеп, қосымша білім беру, балабақша, т.б.) жылдық жұмыс жоспарындағы педагогтердің біліктілігін жетілдіру тармағы негізінде ағымдағы оқу жылының басында және келесі оқу жылының басында педагогтердің аттестациясын ұйымдастыру және өткізу іс-шараларының жоспары жасалынады (5 жылдық перспективалық жоспардың негізінде). Жоспарлау – білім беру ұйымындағы әдістемелік жұмысты басқарудың тиімді әдістемелерінің бірі болып табылады. Сондықтан педагогтің құзыреттілігінің үздіксіз арттырып отыруы, аттестацияға сапалы дайындығы білім беру ұйымында ұйымдастырылып өткізілген іс-шаралар мазмұны мен олардың түрінің тиімділігіне тікелей байланысты.

Жұмыс жоспары бойынша педагогикалық ұжым нормативтік-құқықтық құжаттармен (Педагогтерді аттестаттау ережесімен) толық танысқан болу керек (біріншіден мектеп басшылығы бұл құжаттың мазмұнын жақсылап оқып, зерделеп, әбден жіті таныған болуы). **Егер нормативтік құқықтық актінің мазмұнын педагог толық білмесе, оның аттестацияға дайындығы сауатты болып табылмайды.**

**Білім беру ұйымдарының басшылары, әдістемелік бірлестіктің жетекшілері ұжымдағы әр педагогтің аттестациядан өту мерзімін 5 жылға арналған перспективалық жоспар бойынша ашық және көрнекі түрде бақылап отыруы міндетті.** Егер ақпарат ашық әрі көрнекі түрде болса, әр педагогтің бойында жоспарлы жұмыс жасау қабілеті қалыптасатын болады. Әр оқу жылының соңындағы педагогикалық кеңесте келесі оқу жылында аттестталатын педагогтердің, тегі, аты-жөні анықталып, нормативтік құқықтық актілермен таныстырылады. Аттестаттау ережесінде, әсіресе, жас мамандар үшін түсінуге ауырлық танытатын педагогикалық терминдер бар, сондай термин сөздердің глоссарийін жасау басшылықтың міндетіне жатады. Сондай-ақ, ағымдағы жылы аттестатталатын педагогтердің аттестациядан өту кестесі жасалған болу керек.

Келесі кезекте педагог білім беру ұйымының басшысына немесе аттестаттау комиссиясы төрағасының атына санат алу немесе санатын көтеру бойынша өтініш жасайды.

Осы сәттен бастап білім беру мекемесінің аттестаттау комиссиясының ағымдағы жылы аттестаттаудан өтетін педагогтермен жұмыс жасау кезеңі басталады. Оқу жылы басында аттестаттау комиссиясы мүшелері аттестаттау комиссиясының қызметімен, міндеттерімен танысады. Аттестаттау комиссиясы педагогтердің өтініштері негізінде біліктілік бағалауынан өткізеді. Білім беру ұйымының педагогтерді аттестаттауға жауапты әкімшілігі қызметкері аттестатталатын педагог қызметкерлерінің мәліметтер базасын жасайды және олардың қызметінің қорытындыларын талдамалық жалпылауға дайындайды. Педагог қызметкерлерді педагогтердің біліктілігін бағалаудың оң нәтижесін алған педагогтің құжаттарын тапсыруға негіз болып табылады.

Аттестаттау комиссиясы қабылданған құжаттарды Сараптамалық кеңеске қабылдау-тапсыру актісі негізінде педагог қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру немесе растау туралы сараптамалық ұсыныс алу мақсатында тапсырады. Білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы педагог қызметкерлерге «педагог-модератор» санатын бекітуді қарастырады және бекітеді. Қалған жоғарғы деңгейдегі біліктілік санаттарды беру/растау үшін педагог қызметкерлердің аттестаттау материалдарын аудандық/ облыстық/ республикалық аттестаттау комиссиясына қарастыруға ұсыну үшін педагогтерге қолдау көрсетеді.

Аттестаттау комиссиясы оқу жылы басында жұмыс жоспарын құрады және жүзеге асырады. Жұмыс жоспары аттестатталатын педагогтің өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтау, аналитикалық талдау жұмыстарымен қатар жүреді.

Жұмыс желісі:

**1. Мектеп әкімшілігі немесе аттестаттау комиссиясының аттестатталатын педагогтермен өткізетін жылдық жұмысы (үлгі)**

| №  | Мектеп әкімшілігі немесе аттестаттау комиссиясы   | мерзімі                |
|----|---|------------------------|
| 1  | Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы оқу жылында 1 жылдық мерзіммен білім беру ұйымының бірінші басшының бұйрығымен аттестаттау комиссия және сараптамалық кеңес құру                     | 1 қыркүйекке дейін     |
| 2  | Аттестациядан өтетін педагогтерге өтініш жазу мәселесі бойынша әдістемелік кеңес беру, аттестатталатын педагогтерді аттестаттау ережелерімен, нормативтік құқықтық актілер мазмұнымен толық таныстыру | жыл бойы               |
| 3  | Алдағы оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтерді анықтау, тізімін тапсыру  | Оқу жылының соңғы күні |
| 4  | Аттестациядан өтетін педагогтердің өтініштерін қабылдау   | Оқу жылы соңында       |
| 5  | Алдағы оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтерді келесі оқу жылы жасалатын жұмыс мазмұнымен таныстыру (аттесттау комиссиясы отырысы)  | 25 мамырға дейін       |
| 6  | Аттестаттау комиссиясының жылдық жұмыс кестесін әзірлеу   | маусым-1 қыркүйек      |
| 7  | Аттестаттау комиссиясының жиналысында аттестатталатын педагогтермен өткізілетін жұмыс жоспарымен танысу   | қыркүйек               |
| 8  | Аттестациядан өтетін педагогтер үшін өзінің кәсіптік құзыреттілігін бағалауға арналған ереже талаптарына сәйкес сауалнама өткізу, нәтижені бағалау  | қыркүйек               |
| 9  | Педагогтің аттестацияға дайындық құжатының мазмұны мен рәсімдеу сапасына баға беру, әдістемелік кеңес беру отырыстарын ұйымдастыру  | жыл бойы               |
| 10 | Білім беру ұйымында, аудандық, облыстық деңгейде өткізілетін сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаттарын әзірлеуге әдістемелік көмек көрсету   | оқу жылы бойы          |
| 11 | Педагогтің өзінің 5 жылдық ұстаздық іс-тәжірибесін жинақтау жұмысын зерттеу   | қаңтар                 |
| 12 | Педагогтің өзінің 5 жылдық ұстаздық іс-тәжірибесіне сараптама, сараптамалық түйіндеме немесе қорытынды жасау (білім беру ұйымының оқу сараптамалық кеңесі отырысы)                                    | жыл бойы               |
| 13 | Аттестатталатын педагогтердің бақылау парақтарының дайындалуы   | наурыз аяқталғанша     |

|    |   |                    |
|----|---|--------------------|
|    | Сараптамалық кеңес ұсыныстарын шығару (сараптамалық кеңес отырсында)    | 1 шілдеге дейін    |
| 14 | Білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясының қорытынды отырысын өткізу | 10 тамызға дейін   |
| 15 | Аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде бұйрық шығару                | 15 тамызға дейін   |
| 16 | Аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде куәліктерді беру             | 30 тамызға дейін   |
| 17 | Біліктілік санаттарын беру/растау туралы куәліктерді журналға тіркеу    | 1 қыркүйекке дейін |

## 2. Педагог тарапынан жасалатын шаралар

| №  | Педагог тарапынан жасалатын шаралар  | мерзімі                |
|----|--|------------------------|
| 1  | Аттестациядан өтуге өтініш жазу  | 31 мамырға дейін       |
| 2  | Аттестаттау комиссиясына мәліметтер базасын жасауы үшін өзі жайлы жеке басын, білімін, пән бойынша біліктілік деңгейін, пән бойынша талапқа сәйкес курста білім жетілдірген жылын, еңбек өтілін, өтініш жазуға негіз болған жетістіктер мен жағдайларды растайтын құжаттар көшірмесін ұсыну                  | 31 мамырға дейін       |
| 3  | Педагогтің біліктілік бағалауына дайындық жасау  | жыл бойы               |
| 4  | Білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында үлгерімі төмен білім алушылармен жүйелі жұмыс жүргізу  | үнемі                  |
| 5  | Бес сабақтың ( <i>сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті</i> ) бағалау парақтарын дайындау ( <i>білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, педагог; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері, аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі</i> ) | ағымдағы оқу жылы бойы |
| 6  | Аудан, облыс, республика, халықаралық деңгейде өткізілетін олимпиада, сайыстарға, жарыстарға оқушыларын қатыстыру, өзі қатысу  | аттестаттау кезеңінде  |
| 7  | Әдістемелік бірлестіктерде өткізілетін әдістемелік көмек беру отырыстарына үнемі қатысып отыру   | жыл бойы               |
| 8  | Өзінің 5 жылдық ұстаздық іс-тәжірибесін әдістемелік бірлестік ішінде әріптестері арасында таныстыру  | қыркүйек-желтоқсан     |
| 9  | Өзінің 5 жылдық ұстаздық іс-тәжірибесі бойынша жинақталған инновациялық зерттеу жұмысын жинақтау   | аттестаттау кезеңінде  |
| 10 | Өзінің 5 жылдық ұстаздық іс-тәжірибесін білім беру ұйымында әріптестері арасында (аттестаттау комиссиясының қатысуымен) шығармашылық есеп беру мақсатында семинарларда, конференцияларда, форумдарда,  | аттестаттау кезеңінде  |

|    |  |                                  |
|----|--|----------------------------------|
|    | тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. б   |                                  |
| 11 | Авторлық материалдарына тиісті деңгейдегі педагогтерден рецензия алу   | аттестаттау кезеңінде            |
| 12 | Оқу сараптамалық кеңес ережесіне сәйкес дайын авторлық материалдарын оқу әдістемелік кеңесімен мақұлдауын алу үшін тапсыру   | аттестаттау кезеңінде            |
| 13 | Семинар, форум, конференциялар, шеберлік сыныптарда өз жұмыс нәтижелерін зерттеу тәжірибелері негізінде жинақталып оқу әдістемелік кеңесімен мақұлданған авторлық материалдарының тақырыбы аясында біліктілік санатының деңгейінде тәжірибе тарату | аттестаттау кезеңінде            |
| 14 | Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізіндегі тәжірибесімен бөлісу мақсатында анықталған баспасөздерге жарияланым жасап отыру   | аттестаттау кезеңінде            |
| 15 | Білім беру ұйымының жұмысын жандандыру, жаңғырту мақсатында әртүрлі деңгейдегі шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға қатысып отыру  | аттестаттау кезеңінде            |
| 16 | Педагог білімін жаңғыртып, үнемі жетілдіру мақсатында білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша лауазымы бойынша біліктіліктерін арттыру курстарына қатысу  | 3 жылда бір рет                  |
| 17 | Аттестаттау құжаттарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының 8 және 15 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету орталықтарына тапсыру  | Уәкілетті орган бекіткен уақытта |

Жоғарыда көрсетілген балама жобалар, бір жағынан қарағанда, педагогті аттестациядан өткізуге арналған жұмыстың жүйесі болғанымен, осы іс-әрекет білім ұйымының басшылары тарапынан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес сауатты да шебер, үйлесімді жүргізілген жағдайда, сонымен қатар білім беру ұйымы әкімшілігі, әріптестері мен педагог арасында тығыз байланыс пен түсіністік орнаған жағдайда, педагогті басшылық тарапынан әрі ынталандырып, қолдап, әрі сауатты түрде талап еткен жағдайда ғана оңтайлы жүзеге асырылады. Оқу жылының соңында білім беру ұйымындағы педагогтерді аттестаттауға жауапты маман жыл бойы білім беру ұйымы тарапынан өткізіліген жұмысқа және педагогтің жұмыс нәтижесіне сапалы талдау жасайды.

Педагог қызметкерлерді аттестаттауда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталады);



2) аттестатталушы – осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санатын беруге (растауға) («Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20400 болып тіркелген) үміткер педагог;

3) аттестаттау комиссиясы – педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі – Комиссия);

4) аттестаттау кезеңі – біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін шарттар болған жағдайдағы уақыт аралығы;

5) апелляция – осы Қағидаларға сәйкес ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы педагогтің өтініші бойынша жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі;

6) апелляциялық комиссия – білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын, педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау қорытындылары бойынша шешім қабылдайтын комиссия;

7) біліктілікті бағалау – білім беру ұйымдарының педагог материалдарының (портфолио) біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін қарауы;


8) біліктілік санаты – «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандартына (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31149 болып тіркелген) және «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;

9) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – педагог қызметінің дәлелдері мен жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;


10) педагогтің білімін бағалау (бұдан әрі - ПББ) – осы Қағидаларға сәйкес педагогтің білім деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін тестілеу рәсімі;


11) Сараптамалық кеңес – қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау рәсімін жүргізетін алқалы орган.


**Педагогтердің материалдарын (портфолио) жинақтауға алдын ала дайындалуға арналған нұсқама**

| №  | Критерийлер   | Құжат дәлелдемелері   | Аттестаттау кезеңінде талаптарды орындау үшін сілтемелер  |
|--|---|---|---|
| <b>1 Білім беру сапасын қамтамасыз ету</b> |   |   |   |
| 1.1  | Білім сапасы ( <i>динамика</i> )/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы ( <i>тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АӘТД ұйымдастырушы педагогтерді, педагог-психологтарды, педагог-психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттер ді қоспағанда</i> )   | дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары бар сапа мониторингі, салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес ( <i>білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады</i> )   | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Электрондық журналдан (<a href="http://kundelik.kz">kundelik.kz</a>) өзіңіздің сабақ беретін пәндеріңіздің білім сапасы бойынша жүктеме алыңыз;</li> <li>▪ Жүктеме негізінде үш жылдық салыстырмалы кесте немесе диаграмма жасаңыз (диаграммада барлық сандық көрсеткіштер көрсетілуі керек)</li> </ul>  |
| 1.2  | Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)  | сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті ) бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, педагог; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған); тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі - соңғы оқу жылында ( <i>кемінде бір рет</i> ) ( <i>бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады</i> ) | <p><b>«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының 16-қосымшасындағы бақылау парағы бойынша Сіздің 5 түрлі тақырыптағы сабақтарыңызды бірнеше рет білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, біліктілік санаты жоғары педагог, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері және тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының немесе сараптама кеңесінің мүшесі кем дегенде бір рет бағалауы керек</p> <p> <a href="http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317">adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317</a></p> |
| <b>2 Жетістіктер</b>                       |   |   |   |
| 2.1  | Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының ( <i>тиісті деңгейдегі</i> ) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы | дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері ( <i>білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады</i> )  | <p><b>«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы»</b> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы өз өңіріңіздегі уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе</p>   |

|          |   |   |  |
|----------|---|---|--|
|          |   |   | <p>жарыстарға дайындаған білім алушыларыңызды қатыстырасыз</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355</a></p> <p>Білім алушылар үшін өткізілетін конкурстар мен олимпиадалар туралы ақпараттар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ресми сайтында жарияланады (<a href="https://daryn.kz/kk/sample-page/">https://daryn.kz/kk/sample-page/</a>)</p>  |
| 2.2      | <p>Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (<i>тиісті деңгейдегі</i>) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу</p> | <p>дәлелдемелердің болуы: сертификатын, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (<i>білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады</i>)</p>  | <p><b>«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы»</b></p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы <b>№ 514 Бұйрығы</b> және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы өз өңіріңіздегі уәкілетті органның жоспарына сәйкес педагогикалық кәсіби конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға ӨЗІҢІЗ қатысасыз.</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007355</a></p> <p>Педагогтер үшін өткізілетін конкурстар мен олимпиадалар туралы ақпараттар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ресми сайтында жарияланады (<a href="https://daryn.kz/kk/sample-page/">https://daryn.kz/kk/sample-page/</a>)</p> |
| <b>3</b> | <b>Тәжірибені жинақтау және тарату</b>  |   |  |
| 3.1      | <p>Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған</p>   | <p>дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (<i>білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің мөрімен және басшының қолымен куәландырылады</i>)</p> | <p><i>Тиісті деңгейдегі оқу әдістемелік кеңесте мақұлданған білім беру ұйымдары педагогтерінің зерттеу нәтижесінде әзірленген авторлық материалды трансляциялау – бұл білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті органымен авторлық материалдарды трансляциялауға келісілген бұйрық, бағдарлама негізінде Online немесе Offline жүргізілетін</i></p>  |

|     |   |   |   |
|-----|---|---|---|
|     |   | іс-шара материалдарына сілтеме  | (таныстырып, таратуға арналған) семинар, конференция, форум, шебер - сынып, т.б.  |
| 3.2 | Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. б. | дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) (тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме | Аттестатталатын біліктілік санаты деңгейіндегі тиісті саланың уәкілетті органмен, білім беру ұйымдары немесе аудандық/қалалық/облыстық/ республикалық әдістемелік бөлімдерімен (орталықтармен) келісілген семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында және т. б. сөз сөйлеу   |
| 3.3 | Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым  | дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)   | Ескертпе: өзіңіз ғана автор болсаңыз 6 балл, ал бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылатындығын ескеріңіз!<br>Мақала міндетті түрде зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде болуы керектігін ҰМЫТПАҢЫЗ!<br>Мақала жариялауға болатын бірнеше баспаға сілтеме:<br><br><ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/quality/documents/details/372199?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/quality/documents/details/372199?lang=ru</a></li> <li>- Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесі</li> <li>▪ <a href="https://www.rumsdokz.org/zhurnal-qosimsha-bilim-zhane-tarbie">https://www.rumsdokz.org/zhurnal-qosimsha-bilim-zhane-tarbie</a></li> <li>- Республикалық оқу-әдістемелік журнал Қосымша білім және тәрбие</li> <li>▪ <a href="https://uba.edu.kz/qaz/vestnik-akademii-altynsarina">https://uba.edu.kz/qaz/vestnik-akademii-altynsarina</a></li> <li>- Алтынсарин Академиясының хабаршысы</li> <li>▪ <a href="https://uba.edu.kz/qaz/nauka/10">https://uba.edu.kz/qaz/nauka/10</a></li> <li>- Мақалаларды рәсімдеу тәртібі</li> </ul> |

|          |  |  |   |
|----------|--|--|---|
|          |  |  | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ <a href="https://uba.edu.kz/storage/app/media/Regional%20izdania%2023_04.2024.pdf">https://uba.edu.kz/storage/app/media/Regional%20izdania%2023_04.2024.pdf</a></li> <li>– барлық өңірдегі әдістемелік басылымдар тізбесі</li> </ul>   |
| 3.4      | Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға қатысу                  | дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының мөрімен және басыының қолымен куәландырылады) | <p><i>Аттестатталатын біліктілік санаты деңгейіндегі тиісті білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, уәкілетті органның сараптамалық, шығармашылық, комиссиялық топтарында тиісті органның бұйрығы негізінде жұмыстануыңыз.</i></p>   |
| 3.5      | Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар  | дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді  | <p>Білім беру ұйымдары педагогтерінің <b>зерттеу нәтижесінде әзірленген авторлық материалды</b> (бағдарлама, әдістемелік көмекші құрал, әдістемелік ұсынымдар, әдістемелік нұсқаулықтар, т.б.) тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органдары жанынан құрылған оқу әдістемелік кеңес шешімімен таратылуы керек.</p> <p></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Республикалық оқу әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесі, <a href="https://uba.edu.kz/ru/metodology/6">https://uba.edu.kz/ru/metodology/6</a></li> <li>▪ Педагогтерге арналған Авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша Youtube каналында бейнеролик Bilim 4.0, <a href="https://youtu.be/n4hpjwXP2OU">https://youtu.be/n4hpjwXP2OU</a>;</li> <li>▪ Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың екінші бөлімінде педагогтерге авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар, <a href="https://uba.edu.kz/qaz">https://uba.edu.kz/qaz</a></li> <li>▪ Астана қалалық оқу әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесімен және мақұлданған авторлық бағдарламалардың базасы, <a href="http://surl.li/svpuk">http://surl.li/svpuk</a>; <a href="http://surl.li/svpuk">әр өңірде құрылған осындай оқу әдістемелік кеңесте авторлық материалдар мақұлданыуы керек</a></li> </ul> |
| <b>4</b> | <b>Біліктілікті арттыру</b>  |  |   |
| 4.1      | Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары | дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (білім беру ұйымының мөрімен)   | Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстар:  |

|  |  |  |   |
|--|--|--|---|
|  | <p>бойынша біліктілікті арттыру курстары</p> | <p>және басшының қолымен куәландырылады)</p> | <p></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесі, 2020 - 2021 жж.<br/><a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/74809?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/74809?lang=ru</a></li> <li>▪ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесі, 2022 жж.<br/><a href="http://zhbb-maktaaral.mektebi.kz/ken.php?query=o-detskom-sade%2Fnormativtk-zhattar%2F399-perechen-obrazovatelnyh-programm-kursov-povysheniya-kvalifikacii-soglasovannyh-s-ministerstvom-obrazovaniya-i-nauki-respubliki-kazahstan-v-2022-godu-na-russkom-jazyke.html">http://zhbb-maktaaral.mektebi.kz/ken.php?query=o-detskom-sade%2Fnormativtk-zhattar%2F399-perechen-obrazovatelnyh-programm-kursov-povysheniya-kvalifikacii-soglasovannyh-s-ministerstvom-obrazovaniya-i-nauki-respubliki-kazahstan-v-2022-godu-na-russkom-jazyke.html</a></li> <li>▪ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесі, наурыз 2024 ж.<br/><a href="https://pedsovet.kz/2024/03/08/perechen-obrazovatelnyh-programm-kursov-povysheniya-kvalifikacii-soglasovannyh-s-ministerstvom-prosvesheniya-respubliki-kazahstan-v-2024-godu/">https://pedsovet.kz/2024/03/08/perechen-obrazovatelnyh-programm-kursov-povysheniya-kvalifikacii-soglasovannyh-s-ministerstvom-prosvesheniya-respubliki-kazahstan-v-2024-godu/</a></li> </ul> |
|--|--|--|---|

## Қосымшалар

### Педагог қызметкерлерді біліктілік бағалаудан өтуге дайындау жоспары

| № | Іс - шаралар  | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---------|---------|
| 1 | Педагогикалық ұжымды білім беретін ұйымдардағы педагог қызметкерлерді сынама біліктілік тестілеуден өткізу ережесімен таныстыру   |         |         |
| 2 | Деректер базасын құру, тестіленушілердің тізімін бекіту   |         |         |
| 3 | Тестіленушілерді психологиялық дайындау   |         |         |
| 4 | Педагогтерді біліктілікті бағалау тестілеуге әзірлік, байқау тесттерден өтулерін ұйымдастыру<br><a href="https://prob-teacher.testcenter.kz">https://prob-teacher.testcenter.kz</a> |         |         |
| 5 | Біліктілік бағлау тестілеуден өту және оның нәтижесін талдау  |         |         |

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

## 2023-2024 оқу жылы мұғалімдерді аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары

**Мақсаты:** Аттестатталушы мұғалімдерді аттестаттауға сапалы дайындау

| №  | Іс-шаралар   | мерзімі | жауапты | Күтілетін нәтиже |
|----|--|---------|---------|------------------|
| 1  | Аттестаттауға өтініш беру жайлы кеңес  |         |         |                  |
| 2  | Аттестаттауға және бекітуге өтініш қабылдау  |         |         |                  |
| 3  | Осы оқу жылында жоспар бойынша аттестатталатын мұғалімдер тізімін жасау  |         |         |                  |
| 4  | Сараптамалық кеңес құру  |         |         |                  |
| 5  | Аттестатталушы мұғалімнің аттестаттаудан өту жоспарын құру және түзету   |         |         |                  |
| 6  | Аттестатталушының 5 жылғы жұмысы жайлы мәлімет жасауы  |         |         |                  |
| 7  | Педагог жұмысының талдауы (мәтін түрінде)<br>-құжаттарды сараптау<br>-ата-аналар, оқушылар, әріптестері мен әкімшілік қызметкерлері арасында сауалнама алу |         |         |                  |
| 8  | Аттестатталушы мұғалім портфолиосын жасауға қолдау   |         |         |                  |
| 9  | Бағалау сабақтарына бақылау парақтарының жасақталуын қадағалау   |         |         |                  |
|    | Аттестатталушы портфолиосын зерттеу. Берілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын тексеру   |         |         |                  |
| 10 | Сараптамалық ұсыныс  |         |         |                  |
| 11 | Аттестатталушы педагогтармен аттестаттаудың аяқталуы алдындағы кездесуі  |         |         |                  |
| 12 | Аттестаттау комиссиясының қорытынды отырысы  |         |         |                  |
| 13 | Аттестаттаудың аяқталуы жөнінде мектептің ӘБ алдында аналитикалық есеп беру  |         |         |                  |



## Мектепшілік аттестаттау шаралар кестесі

**Мәселе:**

**Мақсаты:**

**Міндеттері:**

| Аттестатталушы<br>мұғалімнің | Айы |     |          |           |          |    |           |           |    |
|------------------------------|-----|-----|----------|-----------|----------|----|-----------|-----------|----|
|                              | 08  | 09  | 10       | 11        | 12       | 01 | 02        | 03        | 04 |
| Т.А.Ж.                       | Б   | БАҚ | Ав<br>СТ | ЖББ<br>ШБ | Кө<br>ШЕ | ПА | Сем<br>ШТ | МАТТ<br>О | Т  |
|                              |     |     |          |           |          |    |           |           |    |

### Шартты белгілер:

1 кезең:

ТС – тест

2 кезең:

**ЖБЖ** – (сыныптарындағы) жазбаша білім бақылау

**БС** – бақылау сабақ

**СТ** – сыныптан тыс жұмыс

**Кө** – көрме

**ААЖ**– ата-аналар жиналысы

**ПН** – пән апталығы

**О** – олимпиада

**Ав** – авторлық жұмыс

**БАҚ** – газет, журнал беттеріне басылым

**Сем** – семинар-практикум

**ШТ** – шығармашылық топ

**ШБ**-шығармашылық байқау

**Б** – баяндама

## **Аттестатталушы мұғалімнің педагогикалық қызметін, пәнді оқыту жағдайын тексеру**

Тексеру барысында аттестатталушы педагогтың жұмысы және оқу жоспарына негізделген келесі құжаттар қарастырылады:

1. Пән бойынша бағдарламаның болуы және күнтізбелік – тақырыптық жоспардың бағдарламамен сәйкестігі, күнделікті сабақ жоспарлары;
2. Мұғалімнің сабағына қатысу. Сабақтардың қазіргі күн талабына жауап беруі, оқытуды жаңа тәсілдері мен әдістерін қолдануы, нәтижелілігі;
3. Оқушылардың ББД бақылау (бақылау жұмыстары, тесттер т.б.);
4. Пән бойынша сынып журналының жағдайы (журналды жүргізу, бағаның жинақталуы оқушылардың сабаққа қатысуы, үй жұмысының мөлшері, тоқсандық бағаның дұрыс қойылуы, бақылау, практикалық жұмыстарға баға қойылуы);
5. Пән бойынша дәптердің жағдайы (мұғалімнің дәптерлерді тексеру жиілігі, дәптер жүргізуге қойылатын талаптарды орындалуы);
6. Бақылау жұмысы дәптерлері: оқушылардың білімі мен іскерлігін есепке алу, мұғалімнің білім сапасын бақылауға алуға, мониторинг жүргізуі;
7. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту бойынша дарынды балалармен жұмыс;
8. Пән бойынша сабақтан тыс жұмыс;
9. Пән кабинетінің жағдайы:
  - а) Санитарлық – гигиеналық жағдай;
  - ә) Кабинеттің безендірілуі;
  - б) Техникалық құралдармен жабдықталуы;
  - в) Дидактикалық материалдар мен қосымша әдебиеттерді жүйеге келтіру.
10. Мектеп әдістемелік бірлестігінің жұмысы (мұғалімнің ӘБ жұмысына қатысуы, баяндамалар, олардың тақырыптары) өзіндік білімін жетілдіруі;
11. Мұғалімнің жұмысын бағалау, сараптама қорытындысы;
12. Тұжырымдамалар және ұсыныстар.

Біліктілік талаптарына сәйкес барлық санаттағылар үшін білім беру ұйымдарының аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің қызметін талдауға арналған материалдар:

- педагогикалық тәжірибесі туралы материалдар (өздігінен білім беру жөніндегі сабақтардың, оқу-әдістемелік құралдардың әзірлемелері);
- оқу әдістемелік кеңестерде мақұлданған авторлық материалдарды тарату туралы;
- шығармашылық конкурстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, педагогикалық оқылымдарға қатысқандығы туралы;
- эксперименттік қызметке қатысқандығы туралы;
- оқу-әдістемелік кешендердің, оқу-бағдарламаларын сараптауға қатысқандығы туралы;
- әдістемелік бірлестіктердің, шығармашылық топтардың жұмысына (басшылығы) қатысқандығы туралы;
- ұйымдастыру және тәрбиелеу қызметіне қатысқандығы туралы;
- педагогтердік біліктілігін арттыру курстарынан өтуі;
- оқушылар мен тәрбиеленушілерінің оқу жетістіктері, пән олимпиадаларының, конкурстардың, байқаулардың, ойындар мен жарыстардың жеңімпаздары туралы;
- педагог қызметкердің кәсіби құзыреттілігін тәуелсіз бағалау материалдары; пікірлер, оқушылармен және тәрбиеленушілермен, ата-аналармен жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері.

## Білім беру ұйымдарының аттестаттау құжаттары

| №  | Мазмұны  |
|----|--|
| 1  | Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау туралы нормативтік құқықтық актілер жинағы                  |
| 2  | Жергілікті уәкілетті органның аттестаттау туралы бұйрықтары  |
| 3  | Педагогтерді аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық  |
| 4  | Сараптамалық кеңес құрамын бекіту бұйрығы  |
| 5  | Аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңес хаттамалары  |
| 6  | Аттестатталушының өтініштерін тіркеу журналы   |
| 7  | Тестілеуге дайындық жоспары  |
| 8  | Аттесталушы педагогтерге көмек көрсету жоспары   |
| 10 | Куәліктерді тіркеу журналы   |
| 12 | 2023-2024 о.ж. Педагогтің сараптама қорытындысы мен аттестаттау нәтижесін әдістемелік кеңесте талдау |

«Бекітімін»

Білім беру ұйымының басшысы:

« » \_\_\_\_\_ 2023ж

### 2023-2024 оқу жылы аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімі Перспективті жоспардан көшірме

| № | Педагогтің аты- жөні | Пәні / Санаты | Соңғы аттестаттаудан өткен мерзімі | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 |
|---|----------------------|---------------|------------------------------------|------|------|------|------|------|
| 1 |                      |               |                                    |      |      |      |      |      |
| 2 |                      |               |                                    |      |      |      |      |      |
| 3 |                      |               |                                    |      |      |      |      |      |
| 4 |                      |               |                                    |      |      |      |      |      |
| 5 |                      |               |                                    |      |      |      |      |      |

**2023-2024 оқу жылы**  
**Пән мұғалімдерінің аттестаттаудан өту кестесі**  
**/Перспективті жоспардан көшірме/**

| № | Мұғалімнің аты- жөні | Пәні | Сынып | Оқыту тілі | санаты | Жылы | Ереже талаптары бойынша жоспар | орындалуы |
|---|----------------------|------|-------|------------|--------|------|--------------------------------|-----------|
|   |                      |      |       |            |        |      |                                |           |
|   |                      |      |       |            |        |      |                                |           |
|   |                      |      |       |            |        |      |                                |           |
|   |                      |      |       |            |        |      |                                |           |
|   |                      |      |       |            |        |      |                                |           |

**2023-2024 оқу жылы**  
**Аттестатталушы педагогтердің сабақтарына қатысу кестесі**

| № | Педагогтің аты- жөні | Пәні | Сынып | Оқыту тілі | Айы | Күні | Қатысушының аты-жөні | Орындалуы |
|---|----------------------|------|-------|------------|-----|------|----------------------|-----------|
| 1 |                      |      |       |            |     |      |                      |           |
| 2 |                      |      |       |            |     |      |                      |           |

**Аттестатталушы педагогтердің біліктілікті арттыру курстан өту кестесі**  
**Перспективті жоспардан көшірме**

| № | Педагогтің аты- жөні | Пәні | Сынып | Оқыту тілі | Курстан өткен жылы | Пәні | Курстық Жоспар | орындалуы |
|---|----------------------|------|-------|------------|--------------------|------|----------------|-----------|
| 1 |                      |      |       |            |                    |      |                |           |
| 2 |                      |      |       |            |                    |      |                |           |

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» туралы № 83 Бұйрығы; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗЗ; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>
4. Республикалық оқу әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесі, <https://uba.edu.kz/ru/metodology/6>;
5. Астана қалалық оқу әдістемелік кеңес жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесімен және мақұлданған авторлық бағдарламалардың базасы, <http://surl.li/svpuk>;
6. Республикалық оқу әдістемелік кеңес мақұлданған авторлық бағдарламалардың базасы, <https://uba.edu.kz/qaz/innovations>;
7. Педагогтерге арналған Авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша Youtube каналында бейнеролик Bilim 4.0, <https://youtu.be/n4hpjwXP2OU>;
8. «Педагогті әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбында әзірленген әдістемелік құралдың екінші бөлімінде педагогтерге авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынамдар, <https://uba.edu.kz/qaz>

## МАЗМҰНЫ

|     |   |       |
|-----|---|-------|
| 1.  | Кіріспе.....  | 3-5   |
| 2.  | Мектеп әкімшілігі немесе аттестаттау комиссиясының аттестатталатын педагогтермен өткізетін жылдық жұмысы..... | 6-7   |
| 3.  | Педагог тарапынан жасалатын шаралар.....  | 7-9   |
| 4.  | Педагогтердің материалдарын (портфолио) жинақтауға алдын ала дайындалуға арналған нұсқама.....                | 10-14 |
| 5.  | Педагог қызметкерлерді біліктілік бағалаудан өтуге дайындау жоспары.....                                      | 15    |
| 6.  | 2023-2024 оқу жылы мұғалімдерді аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары.....                                  | 16    |
| 7.  | Аттестатталушы мұғалімнің педагогикалық қызметін, пәнді оқыту жағдайын тексеру.....                           | 17-18 |
| 8.  | Білім беру ұйымдарының аттестаттау құжаттары.....   | 18    |
| 9.  | Қосымшалар.....   | 15-20 |
| 10. | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....  | 21    |